


қышқыл, көміртек оксидтері және т.б. қоспалар іздері болады.



Пиролиз нәтижесінде 100 кг метаннан немесе шамамен 80% метаны бар табиғи газдан 45 кг 97%-дық ацетилен, 9,2 кг 98%-дық этилен, 5,3 кг күйе және 13 кг 98%-дық сутекті алуға болады. Электр энергияның шығыны тазартылмаған ацетиленге есептегенде 9 квт с/кг құрайды.



11-сурет. Метанды электрлік крекингілеу реакторы:
1-жоғарғы электрод; 2-желдеткіш; 3-жағудың қосымша электроды
I және II-су; III-реакция өнімдері

Автотермиялық пиролиз. Бұл процесті көбінесе парциалды тотығу, толық емес жану немесе термоқышқылды пиролиздеу деп атайды. Бұл тәсіл оттекті жеткіліксіз берген кезде, метанның (немесе басқа көмірсутек шикізатының) жану жылуы (ішкі жану) есебінен қыздыруға негізделген.

Метанды автотермиялық пиролиздеу жағдайында мынадай реакциялар өтетін болғандықтан:



өнімдер әрқашан ацетиленнің, көміртек оксидтері және сутек қоспалары болып келеді.

Көрсетілген негізгі реакциялардан басқа, автотермиялық пиролизде келесі реакциялар да жүре алады:

